



**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

2019 жылғы 19 маусымдағы № ДЗ-104 сауалнамаға

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің тұрмыстық қатты қалдықтармен (бұдан әрі – ТҚҚ) жұмыс істеу мәселелеріне қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

*Жұмыс істеп тұрған ТҚҚ және өнеркәсіптік қалдықтар полигондарын түгендеуге және олардың заңнаманың санитариялық, экологиялық нормаларына сәйкестігін тексеруге, сонымен қатар жұмыс істеп тұрған полигондарды санитариялық және экологиялық талаптарға сәйкес келтіру жөніндегі қажетті жұмыстарды, сондай-ақ қалдықтарды сұрыптауға, қайта өңдеу мен көмуге арналған қажетті жабдықтарды сатып алуды қаржыландыру көздерін айқындауға қатысты.*

Қазіргі таңда тарихи қалыптасқан аудандық және ауылдық елді мекендерде үйінділерді заңдастыру мәселесі өзекті болып табылады.

ТҚҚ қауіпсіз орналастыру және жерасты суларының ластануын болдырмау мақсатында Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігімен (бұдан әрі – Министрлік) 2020-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет шеңберінде жүзеге асыру арқылы қалалық және ауылдық ТҚҚ полигондарын салудың Үлгілік жобалары әзірленді.

ТҚҚ полигондарында көмілетін қалдықтардың көлемін азайту үшін ТҚҚ бөлек жинау, сұрыптау және ТҚҚ қайта өңдеу шараларын енгізу керек.

Осыған орай, Министрлік әкімдіктермен және Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторымен (бұдан әрі – ӨКМ) бірлесе отырып, бөлек жинау және сұрыптау бойынша инфрақұрылым дамымаған аумақтарда ТҚҚ сұрыптау желілерін орнату, ТҚҚ энергетикалық кәдеге жарату технологиясын енгізу, қайталама шикізатты жинау мен жинақтауды қамтамасыз ету үшін «хабтар» құру бойынша жұмыстар жүргізуде.

Бүгінгі таңда мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп Қалдықтарды басқару бойынша мемлекеттік бағдарламаның (бұдан әрі – Бағдарлама)

концепциясы әзірленуде. Бағдарлама аясында ТҚҚ саласындағы бар мәселелерге және оларды шешу жолдарына талдау жүргізілетін болады.

*Иесіз қалдықтарды коммуналдық меншікке рәсімдеу рәсімдерін оңайлатуға қатысты.*

Экологиялық кодекске сәйкес, аумағында иесіз қалдықтар анықталған жергілікті атқарушы орган иесіз қалдықтардың болуы туралы хабарлама алған сәттен бастап бір жыл ішінде осы қалдықтарды республикалық немесе коммуналдық меншікке түсті деп тану туралы талаппен сотқа жүгінуге міндетті.

Рәсімдерді оңайлату мақсатында жаңа редакциядағы Экологиялық кодексте иесіз қалдықтармен жұмыс істеудің және коммуналдық меншікке берудің жаңа тетігі салынды, оған сәйкес уәкілетті органның аумақты бөлімшесі қалдықтар табылған сәттен бастап екі ай мерзімінде жергілікті атқарушы органға жер учаскесінің меншік иесі туралы сұрау жібереді, мұндай болмаған жағдайда қалдықтарды иесіз деп тану туралы сотқа талаппен жүгінеді.

*Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату саласына жеке инвестициялардың тартылуын ынталандыруды арттыруға және Экологиялық кодекстің 301-бабы 9, 10, 11 және 12-тармақтарының қолданысын 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқтата тұруға қатысты.*

Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамада айқындалған Қазақстанның қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы саясаты қалдықтарды бөлек жинауды енгізуге, инвестицияларды тарта отырып, қайталама шикізаттан өнім алу арқылы қалдықтарды қайта өңдеу секторын дамытуға бағытталған.

ТҚҚ қайта өңдеу саласын дамыту мақсатында 2016 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануымен нормативтік құқықтық база жетілдірілді.

2016 жылдан бастап құрамында сынабы бар шамдар мен аспаптарды, металл сынықтарын, пайдаланылған майлар мен сұйықтықтарды, батареяларды, электронды қалдықтарды полигондарда көмуге тыйым салынды. Келесі сатыда – 2019 жылы пластмассаны, макулатураны, картонды және қағаз қалдықтарын, шыныны көмуге тыйым салу күшіне енді. 2021 жылдан бастап құрылыс және тамақ қалдықтарын көмуге тыйым салу күшіне енеді деп күтілуде.

Осылайша, жоғарыда аталған тыйымдар жоспарлы және үдемелі түрде енгізілді.

Бұдан басқа, 2016 жылдан бастап әкімдіктермен ТҚҚ бөлек жинау, сұрыптау және қайта өңдеудің тиісті инфрақұрылымын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осылайша, бүгінгі күні республика бойынша 204 қала мен ауданда бөлек жинау әр түрлі сатыда – 51, ал сұрыптау – 30 елді мекенде енгізілді. Бұл ретте, қалдықтарды бөлек жинау және сұрыптау облыс орталықтарында да, шағын қалалар мен аудандарда да енгізілуде.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпы ұлттық жоспарының 15-тармағына сәйкес, Шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, ТҚҚ заман талабына сай кәдеге жарату және өңдеу бойынша іс-шаралар кешені әкімдіктермен бекітілді. Іс-шаралар кешені ТҚҚ жинау, сұрыптау және қайта өңдеудің тиісті инфрақұрылымын құру, осы салаға инвестициялар тарту жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ бизнес қоғамдастық және халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді көздейді.

Қалдықтарды қайта өңдеу саласындағы бизнесті ынталандыру және дамыту мақсатында 2016 жылдан бастап автомобильдерге, аккумуляторларға, майларға, сұйықтықтарға, электр жабдықтары мен қаптапаларға (шыны, қағаз, металл, пластмасса) ӨКМ енгізілді. ӨКМ шеңберінде әкімдіктер тиісті инфрақұрылымды құру бойынша жұмыстарды жүргізіп жатыр.

Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен тұрақты түрде қатты тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтар полигондарының экологиялық заңнама талаптарының сәйкестігіне тексеру жүргізеді.

2018 және 2019 жылдың өткен кезеңінде тексеру нәтижелері бойынша 196 млн. теңгеден астам сомаға 591 әкімшілік айыппұл салынды, 49 млн. теңгеден астам сомаға қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеуге 15 талап-арыз берілді. Сонымен қатар, сот шешімімен өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруды жүзеге асыратын 104 кәсіпорынның қызметі тоқтатылды, анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде ұйғарымдар берілді.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ-мен жасалған шарт шеңберінде облыстық маңызы бар 13 қала және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары бойынша іргелес жатқан аумақтарға, қалдықтарды орналастыру орындарына ғарыштық мониторинг жүргізіледі. Геопорталды пайдалану рұқсат етілмеген қалдықтарды орналастыру орындарын, сондай-ақ дәстүрлі әдістермен анықтау мүмкін болмаған қалдықтарды орналастырудың лицензиялық орындарының шегінен шығу орындарын қашықтықтан анықтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, жаңа Экологиялық кодекстің жобасы шеңберінде кезең-кезеңмен айналым қалдықтардың түзілуін болдырмауға, қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, кәдеге жаратуға бағытталған іс-шараларды көздейтін қалдықтармен жұмыс істеу иерархиясы енгізілетін болады. Тек осы кезеңдерден өткеннен кейін қалдықтар көмуге жөнелтіледі.

Жалпы ТҚҚ-ның аталған мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Ж. Қасымбек**



**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
(по списку)**

*На № ДЗ-104 от 19 июня 2019 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев Ваш запрос касательно вопросов обращения с твердыми бытовыми отходами (далее – ТБО), сообщаю следующее.

*Касательно инвентаризации и проверки действующих полигонов ТБО и промышленных отходов на соответствие санитарным, экологическим нормам законодательства, определения источников финансирования необходимых работ по приведению действующих полигонов санитарным и экологическим требованиям, а также приобретения необходимого оборудования для сортировки, переработки и захоронения отходов.*

В настоящее время остро стоит вопрос узаконения свалок в районных и сельских населенных пунктах, которые являются исторически сложившимися.

Так, в целях обеспечения безопасного размещения ТБО и недопущения загрязнения подземных вод, установления единых требований к городским и сельским полигонам ТБО Министерством экологии, геологии и природных ресурсов (далее – Министерство) разработаны Типовые проекты строительства городских и сельских полигонов ТБО с реализацией в рамках республиканского бюджета на 2020-2021 годы.

Для сокращения объемов отходов, захороняемых на полигонах ТБО, необходимо внедрение раздельного сбора, сортировки и переработки ТБО.

В этой связи, Министерством совместно с акиматами и Оператором расширенных обязательств производителей (импортеров) (далее – РОП) проводится работа по установке линий сортировки ТБО в тех регионах, где отсутствует инфраструктура по раздельному сбору и сортировке, внедрению технологии энергетической утилизации ТБО, созданию «хабов» для обеспечения сбора и накопления вторичного сырья.

На сегодняшний день разрабатывается концепция Государственной программы по управлению отходами (далее – Программа) совместно с заинтересованными государственными органами и организациями. В рамках Программы будет проведен анализ существующих проблем в сфере ТБО и пути их решений.

*Касательно упрощения процедур оформления в коммунальную собственность бесхозяйных отходов.*

Согласно Экологическому кодексу местный исполнительный орган, на территории которого выявлены бесхозяйные отходы, в течение года с момента

получения сообщения о наличии бесхозяйных отходов обязан обратиться в суд с требованием о признании этих отходов поступившими в республиканскую или коммунальную собственность.

В целях упрощения процедур, в новой редакции Экологического Кодекса заложен новый механизм обращения и передачи бесхозяйных отходов в коммунальную собственность, согласно которого территориальное подразделение уполномоченного органа в двух месячный срок с момента обнаружения отходов, направляет запрос в местный исполнительный орган о собственнике земельного участка, в случае отсутствия такового обращается с иском в суд о признании отхода бесхозяйным.

*Касательно повышения стимулирования привлечения частных инвестиций в сферу переработки и утилизации твердо-бытовых отходов и приостановления действия пунктов 9, 10, 11 и 12 статьи 301 Экологического кодекса до 31 декабря 2021 года*

Политика Казахстана в области обращения с отходами, определенная в Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой» экономике, направлена на внедрение раздельного сбора отходов, развитие сектора переработки отходов с получением продукции из вторсырья с привлечением инвестиций.

В целях развития сферы переработки ТБО в 2016 году с принятием Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам перехода Республики Казахстан к «зеленой» экономике была совершенствована нормативная правовая база.

Так, начиная с 2016 года запрещено захоронение на полигонах ртутьсодержащих ламп и приборов, лома металлов, отработанного масла и жидкости, батарей, электронных отходов. Следующим этапом – с 2019 года вступил в силу запрет на захоронение пластмассы, макулатуры, картона и отходов бумаги, стекла. В 2021 году ожидается вступление в силу запрета на захоронение строительных и пищевых отходов.

Таким образом, вышеуказанные запреты вводились планомерно и поступательно.

Кроме того, с 2016 года акиматами ведутся работы по созданию соответствующей инфраструктуры раздельного сбора, сортировки и переработки ТБО. Так, сегодня по республике из 204 городов и районов раздельный сбор на разных этапах внедрен в 51, а сортировка – в 30 населенных пунктах. При этом, раздельный сбор отходов и сортировка внедряется как в областных центрах, так и в малых городах и районах.

В соответствии с пунктом 15 Общенационального плана мероприятий по реализации Послания Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы от 10 января 2018 года, акиматами утверждены Комплексы мер по современной утилизации и переработке ТБО с широким вовлечением субъектов малого и среднего бизнеса. Комплексы мер предусматривают мероприятия по созданию соответствующей инфраструктуры сбора, сортировки и переработки ТБО, привлечение инвестиций в данную сферу, а также проведение разъяснительной работы, как среди бизнес сообщества, так и населения.

В целях стимулирования и развития бизнеса в сфере переработки отходов, с 2016 года введен РОП на автомобили, аккумуляторы, масла, жидкости, электрооборудование и упаковку (стеклянная, бумажная, металлическая, пластмассовая). В рамках РОП акиматы проводят работу по созданию соответствующей инфраструктуры.

Комитетом экологического регулирования и контроля на постоянной основе проводятся проверки действующих полигонов ТБО и промышленных отходов на соответствие требованиям экологического законодательства.

За 2018 год и истекший период 2019 года по результатам проверок наложен 591 административный штраф на сумму более 196 млн. тенге, предъявлено 15 претензий на возмещение ущерба нанесенного окружающей среде на сумму свыше 49 млн. тенге. Также решениями суда приостановлена деятельность 104 предприятий, осуществляющих размещение отходов производства и потребления, выданы предписания по устранению выявленных нарушений.

В рамках заключенного договора с АО «НК «Қазақстан Ғарыш Сапары» проводится космический мониторинг мест размещения отходов, прилегающих территорий по 13 городам областного значения и гг. Нур-Султан, Алматы, Шымкент. Использование геопортала позволяет дистанционно выявить места размещения несанкционированных полигонов отходов, а также выходов за границы лицензионных мест размещения отходов, которое не представлялось возможным определить традиционными методами.

Также, в рамках проекта нового Экологического кодекса будет внедрена иерархия отходов, предусматривающая поэтапное обращение с отходами, которая подразумевает последовательность мероприятий, направленных на предотвращение образования, повторное использование, переработку, утилизацию отходов. После прохождения всех этапов отходы будут направлены на захоронение.

В целом указанные вопросы ТБО находятся на постоянном контроле Правительства.

**Ж. Касымбек**

